

Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округіне қарасты Қарғыба елді мекеніне шектеу іс-шарасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 25 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 19 желтоқсанда № 5-16-168 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 28 қарашадағы № 22 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округі әкімінің 28.11.2019 № 22 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2018 жылғы 09 қарашадағы № 637 ұсынысы негізінде, Құмкөл ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Мүйізді ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты Тарбағатай ауданы Құмкөл ауылдық округіне қарасты Қарғыба елді мекеніне шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімінің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Құмкөл ауылдық округінің әкімі

Т. Көнекбаев